

Еркишева Жазира Сабыровнаның
«6D010900-Математика» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеудің тақырыбы: Орта мектеп оқушыларын мәтінді есептерді шығаруға үйрету арқылы қаржылық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеудің мақсаты: Орта мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын мәтінді есептерді шығаруға оқытып-үйрету арқылы қалыптастырудың әдістемесін жасау және оны тәжірибе жүзінде іске асыру.

Зерттеудің міндеттері:

– математиканы оқыту процесінде оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастырудың қазіргі жағдайын зерделеу, оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде мәтінді есептердің орны мен маңыздылығын айқындау;

– жалпы білім беретін мектептің оқушыларына қаржылық-экономикалық мазмұнды есептерді шығаруды оқытып-үйретудің әдістемелік негіздерін айқындау;

– математиканы оқыту процесінде оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру мазмұны мен әдістемесін, қаржылық-экономикалық мазмұнды мәтінді есептерді шығаруға оқытып-үйрету әдістемесін жасау;

– мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін педагогикалық эксперимент жүзінде тексеру және оны оқу процесіне енгізу.

Зерттеудің әдістері :

– оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған ғылыми-теориялық мәселелерге, философиялық, психологиялық, педагогикалық, экономикалық, оқу-әдістемелік әдебиеттерге, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, математика пәнінен оқу бағдарламаларына, оқулықтарға, оқу құралдарына және оқу-әдістемелік кешендеріне, PISA, TIMSS халықаралық зерттеулерінің нәтижелері мен тапсырмаларына, экономикалық-қаржылық білім беру мен тәрбиелеу бойынша озат тәжірибелеріне талдау жасау;

– зерттеудің болжамын тексеру үшін педагогикалық эксперимент жүргізу және олардың нәтижелерін өңдеу;

– зерттеудің нәтижелерін әдістемелік семинарларда, ғылыми-практикалық конференцияларда талқылау.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Жалпы білім беретін мектепте математиканы оқыту процесіндегі жүйелі-әрекеттік тәсіл негізінде тұжырымдалған «функционалдық сауаттылық», «қаржылық сауаттылық» ұғымдарының сипаттамалары, мәтінді есептердің орны мен маңыздылығы, классификациясы.

2. Мектеп математика курсына оқушыларға қаржылық-экономикалық

мазмұнды есептерді шығаруды оқытып-үйретудің әдістемелік негіздері, пәнаралық байланыстар негізінде оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастырудың әдістемелік жүйесінің құрылымы мен мазмұны.

3. Математиканы оқыту процесінде оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған мәтінді есептерді шығаруға оқытып-үйретудің әдістемесі, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың тәсілдері мен құралдары және педагогикалық эксперимент нәтижелері.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

1. Математиканы оқыту процесінде оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде мәтінді есептердің орны мен маңыздылығы, классификациясы, «функционалдық сауаттылық», «қаржылық сауаттылық» ұғымдарының мәні нақтыланды.

2. Математиканы оқытуда оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі, яғни құрылымы мен мазмұны, оқыту әдістері мен құралдары айқындалды.

3. Мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған сыныптар бойынша қаржылық-экономикалық мазмұнды мәтінді есептер және оларды шығаруды оқытып-үйрету әдістемесі жасалды.

4. Зерттеу жұмысының нәтижелері эксперименталдық жұмыста тексерілді, дәлелденді, ұсыныстар оқу процесіне енгізілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі зерттеушінің математиканы оқыту процесінде оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде мәтінді есептердің орны мен маңыздылығы, классификациясы, «функционалдық сауаттылық», «функционалды математикалық сауаттылық», «қаржылық сауаттылық» ұғымдарының мәнін нақтылап, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сараптаулар мен талдаулар жасап, функционалдық сауаттылықтың түрлері мен олардың мазмұндық ерекшеліктеріне сипаттама бере отырып, жеке ойын түйіндеп, тұжырымдай білуімен сипатталады.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі математикалық есептер теориясы мен есептерді шығаруға үйрету мәселелері зерделеніп, мектеп математика курсында оқушыларға қаржылық-экономикалық мазмұнды есептерді шығаруды оқытып-үйретудің әдістемелік негіздерін айқындап, жалпы білім беретін мектептердің оқу процесіндегі математикадан оқулықтардың мазмұнындағы қаржылық ұғымдарға, қаржылық-экономикалық мазмұнды мәтінді есептерге талдаулар жасалып, оқушыларға оқу бағдарламаларында көрсетілген оқу мақсаттарына сай қаржылық-экономикалық мазмұнды мәтінді есептерді әртүрлі әдістермен және бірізділікті кезеңдермен шығаруға үйретудің әдістемелік негіздерін ұсынылуымен дәлелденеді.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізделігі математиканы оқыту процесінде негізгі мәселенің бірі – есептерді шығаруға үйретудің әдістемелік негіздеріне талдаулар жасай отырып, оқушыларды қаржылық-экономикалық мазмұнды мәтінді есептерді шығаруға үйретудің әдістемесі мен оның жүзеге асырылуы

мысалдармен және түсіндірмесімен көрсетіліп, қолданыстағы математикадан оқулықтардың мазмұндарына талдау жасап, әр сынып бойынша оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған есептерді, математика мен экономиканың байланысын жүзеге асыратын мәтінді есептерді шығаруға үйретудің әдістемелік аспектілерін бере отырып, PISA халықаралық зерттеуінде оқушылардың қаржылық сауаттылығының қалыптасуының деңгейлерін көрсетіп, бұл зерттеудегі мектеп математика курсының тақырыптарымен байланысы бар қаржылық-экономикалық мазмұнды есептер қарастырылып, оларды шығару тәсілдері мен әдістемесінің ұсынылуымен дәлелденеді.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі ізденуші ұсынған әдістеменің эксперимент жұмыстары арқылы тексеріліп, нәтижелеріне талдау жасалуымен, зерттеу жұмысының қорытындыларының оқу үдерісіне енгізілуімен оның шынайылық дәрежесін анықтап береді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеудің басты идеясы қазақстандық білім беру жүйесін дамытуға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың сапасын арттыруға байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Қазақстан-2050» стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2020-2024 жылдарға арналған халықтың қаржылық сауаттылықты дамыту тұжырымдасы, Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі бекіткен Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген басымдықтар мен міндеттерді шешуге бағытталған талаптарға сәйкес келеді.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі (диссертация авторының жарияланымның жалпы көлемінен пайызбен өлшенген үлесі көрсетілген):

Диссертацияның мазмұны 13 ғылыми еңбекте көрініс тапқан.

1 Assessment of Financial Literacy Formation Methods in Mathematics Education: Financial Computation. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET), 15(16), 49.doi:10.3991/ijet.v15i16.14587. (бірлескен авторлар: Әбілқасымова А.Е., Мұбарақов А.М., Турганбаева Ж.Н., Байсалов Ж.У. Докторант үлесі 35%).

2 On the Unique Solvability of a Boundary Value Problem for Systems of Loaded Integro-Differential Equations with Involution. Lobachevskii Journal of Mathematics. – Desember 2021 – 42(12). – P. 3022–3034. (бірлескен авторлар: Усманов К.И., Назарова К.Ж. Докторант үлесі 70 %).

3 Математиканы бейіндік оқытуда қаржылық есептеулер негізінің мазмұнын жобалаудың ерекшелігі // С. Торайғыров атындағы ПМУ «Хабаршысы». Педагогикалық сериясы. – Павлодар, 2018. – №4. – Б. 223-232. (бірлескен автор Мұбарақов А.М. Докторант үлесі 90 %).

4 Қаржылық есептеулер негіздерін оқыту әдістемесінің компоненттері // Қазақ білім академиясының баяндамалары. – Астана, 2018. – №3. – Б. 116-124. (бірлескен автор Мубараков А.М. Докторант үлесі 90 %).

5 Мектеп математикасы аясында қаржылық есептеулер элементтерін оқыту моделі // Евразия Гуманитарлық институтының «Хабаршысы». – Астана, 2019. – №1. – Б. 45-51(бірлескен автор Мубараков А.М. Докторант үлесі 90 %).

6 Ақпараттық технология құралдарымен оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру // Ясауи университетінің «Хабаршысы». – Түркістан, 2020. – №1(115). – Б.169-180. (бірлескен автор Назарова К.Ж. Докторант үлесі 90 %).

7 Обучение финансовых вычисление в профильных классах // Қырғыз Білім Академиясының Хабарлары. – Бішкек, 2019. – №3(49). – Б.3-10. – ISSN 1694-8106.(бірлескен автор Байсалов Ж.У. Докторант үлесі 90 %).

8 Formation of pupils' financial literacy in solving problems with financial content via the use of information technology in the profile education context // «Акмеология профессионального образования» 16-шы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – РГППУ. – Екатеринбург, 2020. – С.69-77. (Докторант үлесі 100%).

9.Қаржылық есептеулер негіздерін оқыту арқылы оқушылардың танымдылық белсенділігін арттыру // «Математиканың өзекті мәселелері» атты конференциясының материалдары. – Түркістан, 2018. – №1(4). – Б.118-121. (Докторант үлесі 100%).

10 Нарықтық экономикадағы несиелендіру әдістерінің математикалық құрылымы // «Ақпараттандыру-қоғам дамуының болашағы Бектаев оқулары-2» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Шымкент, 2016. – Б. 68-72.(бірлескен автор Әлібек Т.Ә., Докторант үлесі 80 %).

11 Орта мектепте математикалық және қаржылық сауаттылықты қалыптастыру мәселелері // «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектеп және жоғары оқу орындарында математика және физиканы оқытудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2022. – Б. 117-120.(бірлескен автор Мубараков А.М. Докторант үлесі 90 %).

12 Орта мектепте қаржы есептеулер кіріспе курсының жобалаудың алғышарттары // «Заманауи математикалық білім: тәжірибе, проблемалар, келешек» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Көкшетау, 2018. – Б. 319-322.(бірлескен автор Мубараков А.М. Докторант үлесі 90 %).

13 Қаржылық есептеу негіздері: оқу құралы – Түркістан: Тұран, 2021. – Б.108.(Докторант үлесі 100%).